

Мәмбет Қойгелдиев
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылам академиясының
корреспондент-мүшесі

**Түркістан халықтары тарихындағы ағартушылық кезеңі.
Мәселеге жаңа көзқарас қалыптастырудың қажеттілігі жөнінде**

Өзге дүниеде болып
жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып,
қазақтың өзін алғанда,
әлденеше тарихшыға еңбек
болатын тарихи оқиғалар болып жатыр.
М. Әуезов

Еуропа тарихында бүтін бір тарихи кезең (XVII және XVIII ғғ.) Ағартушылық дәуірі аталады. Мұндай қоғамдық үрдістің негізінде білім мен ғылымның қуатты күшке айналып, жаңа өріс алуы жатты. Еуропалық ағартушылық феодалдық қоғамдық тәртіпті жоюға, ортағасырлық діни фанатизмнен бас тартуға, жеке тұлғаның еркіндігін мойындауға, білім мен ғылымға кең жол ашуға үндеді. Сонымен бірге Ағартушылықты тек еуропалық елдерге ғана тиесілі «аймақтық» құбылыс ретінде қарастыру, әрине, қателік болар еді [1]. Ағартушылық идеясы Ресей арқылы оның құрамындағы қазақ және қырғыз сияқты елдерге де жетті.

Сондай-ақ, XX ғасырдың басында бүкіл Түркістан халықтары өмірінде көрініс тапқан Ағартушылықты ресейлік өмірге еліктеушіліктен туындаған ағым ретінде қарастыру оның жергілікті негіздері мен ерекшеліктерін түсінуге кедергі жасар еді. Мәселен, түркістандық ағартушылықтың мазмұндық және хронологиялық тұрғыдан тек өзіне ғана тиесілі ерекшеліктері болды. Ол күні өткен феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, жаңа заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге, әйел теңдігін, жеке тұлғаның еркіндігін мойындауға үндеді. Басқаша айтқанда, ол қоғамның ішкі мерездерімен бірге, сырттан отарлық режиммен бірге ере келген қауіп-қатерге қарсы бағытталды.

Сонымен бірге, осы ретте түркістандық ағартушылықтың мынадай бір ерекшеліктеріне көңіл аударған артық емес. Мәселен, еуропалық ағартушылық француз, ағылшын, неміс сияқты ұлттардың ұлттық әдеби және ғылыми тілінің, ұлттық санасы мен мәдениетінің біржола қалыптасуына жол ашып, мүмкіндік туғызды. Ал ресейлік түріктер үшін жағдай өзгеше қалыптасты. Ресейлік түрік халықтарының арасында ағартушылық идеясының өріс алуына түрткі болған жағдай, біріншіден, олардың экономикалық және мәдени дамуда алдыңғы елдерден артта қалуы болса, екіншіден, отарлаушы билік тарапынан түрлі кемсітулер мен езгінің күшейе

түсуі еді. Басқаша айтқанда, ресейлік түркілер империя құрамында өздерін өгей ұлдай сезінді. Осы жағдайға байланысты ХХ ғасырдың басындағы «түрік әлемін оятқан» Исмаил Гаспралы «Орыс билігі мұсылмандарды прогресс пен өркениетке бастай алмай отыр деп айтудың өзі адамды мұңға батырмайды ма?» [2], - деп жазды.

Міне осындай орыс билігі тарапынан төнген қауіп жағдайында империя құрамындағы түрік халықтарын өзара күш біріктіруге бастайтын ортақ идея іздеу байқалды. Бұл идеяны жинақы түрде «Тілде, пікірде, істе бірлік» деп білдірген жоғарыда аталған Ғаспыралық Исмаил болды [3]. Ал бұл қолдаушылар ұстанымды үшін түрік халықтарын қоғамдық дамуда жаңа сатыға алып шыға алатын құрал ретінде жалпытүркілік ортақ тіл және жадидтік мектеп мойындалды.

Ғаспыралық Исмаилдың «Тәржіманы», сондай-ақ оның ұстанымына белгілі дәрежеде қолдау көрсеткен Фатих Кәрімовтың «Уақыт» газеттері ХХ ғасырдың басындағы түрік халықтары үшін ортақ жазба тіл қалыптастыру жолында жасалған аса маңызды әрі сәтті қадам еді. Сондай-ақ, бұл әрекет империя көлеміндегі түрік халықтары арасында өзара ынтымақтастық, ниеттестік сезімнің өріс алуына қызмет жасады.

ХХ ғасыр басында тұтас түрік елі идеясының қайта жаңғыруы, сондай-ақ, осы бағытта жүрген ағартушылық қызмет өз жемісін берді. Империя құрамындағы түрік халықтарының өзара ынтымақтастығы мен азаттығы үшін күрес жолындағы тұтастығын жақтап, осы мақсатқа қызмет жасауға ықыласты бүтін бір зиялылар буыны қалыптасты. Өзбек М.Қари, М.Бехбуди, А.Мавлони, А.Шолпан және А.Қадыри, қырғыз И.Арабаев, Ә.Сыдықов, Қ.Тыныстанов, Белек және Жанек Солтоноевтар, қазақ Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, Т.Рысқұлов және М.Жұмабаев, татар Ж.Ақшора, С.Мақсуди, М.Сұлтанғалиев, башқұрт З.У. Тоған және А.Инан жалпытүркілік ынтымақтастық идеясына заман сұранысына лайық мазмұн беруге күш салған тұлғалар болды.

Жалпытүркілік ағартушылық қызметтің ұлтшылдық идеясын айналып өтуі, әрине мүмкін емес-тін. Қоғамдық ойдағы ағым, ұстаным ретінде түркілік ұлтшылдық Ресей империясында көрініс тапты. Бұл жасанды идеялық құрылым (конструкция) емес, сондай-ақ, ресейлік идеологтар қолдан жасаған пантүркілік мақсат та емес, ол орыстық саяси жүйе мен мәдени ортаға жұтылып кетуден қаймыққан халықтардың өздерін этникалық құрылым ретінде қорғау, осы мақсатта ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи ата-мекенін сақтап қалу, сондай-ақ, белгілі бір тиімді түрде ұлттық мемлекеттігін жаңғыртуға ұмтылыстың көрінісі еді. Жадидтік негізде жаңа серпін алған жалпытүркілік ағартушылық, белгілі бір дәрежеде, осы мақсатқа қызмет етуді көздеді. Басқаша айтқанда, түркістандық ұлтшылдық орыс отаршылдығы тарапынан төнген қауіптен қорғану қажеттілігінен туындаған ұлтшылдық болатын. Орыс отаршылдары өз тарапынан оған «бөлінбейтін» Ресейдің мүддесіне қауіп төндірген сепаратистік қозғалыс ретінде қарады. Ал тарихи шындыққа жүгінсек онда бұл кезеңдегі түркістандық ұлтшылдық

Дж.Неру орынды айтып көрсеткендей, «бүкіл Азия елдерінде үстемдік құрған прогресшіл күш» [4] - Азиядағы ұлтшылдықтың құрамдас бөлігі еді.

Кезінде советтік идеология ХХ ғасыр басындағы түркістандық алғашқы зиялылар буынын түрік халықтарын ілгері емес, кейін феодалдық тәртіпке бастайтын қоғамдық күш ретінде көрсетуге тырысты. Советтік билік мұнымен де шектелген жоқ. Мәскеулік билік және коммунистік партия өз арсеналындағы бар мүмкіндіктерін пайдаланып, түркілік ағартушылық пен ұлтшылдыққа шабуылға көшті. Билік тарапынан төнген қауіп жағдайында ресейлік жалпытүркілік азаттық қозғалыстың басшылары Садри Мақсуди, Гаяз Исхаки, Алимардан Топчибаши, Мамед Эмин Расулзаде, Мұстафа Шоқай, Осман Қожаұлы, Заки Уалиди Тоған және басқалары шетелдік эмиграцияға кетуге мәжбүр болып, саяси қызметін сонда жалғастырды [5]. Азаттық қозғалыстың шетелдік эмиграцияға кетпей, өз отанында қалған қайраткерлері Мунавар Қори, Убайдолла Қожа, Абдурауф Фитрат, Абдулла Қадыри, Абдулхамид Сүлейман (Шолпан), Әбдікәрім Сыдықов, Ишеналы Арабаев, Қасым Тыныстанов, Мирсаид Султанғалиев, М.Вахидов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов Т.Рысқұлов және басқалары ресейлік түркілердің азаттық қозғалысын біржола жоюды көдеген сталиндік репрессияның құрбаны болды.

Кейінгі жылдары ғылыми айналымға тартылған құжаттық материалдар мәскеулік орталықтың Қазан революциясы жеңіп советтік билік орнаған сәттен бастап-ақ, түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысымен ақтық күреске түскендігін айғақтайды. Қазақстан бойынша ОГПУ мекемесінің кеңестік билік орындарымен тығыз байланыста қазақ ұлт-азаттық қозғалысымен жүргізген қызметі туралы материалдар «Алаш қозғалысы. Движение Алаш» аталатын көптомдық жинақтың үшінші томында берілді [6]. Мәселен, Қазақстан бойынша ГПУ басшылары Каширин мен Якубовский республикалық партия басшылығына Алаш қозғалысы қайраткерлері мен белсенділерінің 1922 жылдың соңғы тоқсаны мен 1923 жылдың алғашқы айындағы саяси қызметі мен ұстанымына мұқият талдау жасай отырып, өз еріктерінен тыс мынадай мазмұндағы тұжырымға жол береді (негізгі ой түсінікті болу үшін үзіндіні түп нұсқа тілінде беріп отырмыз): «Результаты агентурной разработки [представителей] Алаш-Орды и киргизских национальных группировок за последнюю четверть 1922 г., ... позволяют сделать нижеследующие выводы об изменениях в национально-освободительной движении и о характере его за отчетный период» [7].

Біз үшін бұл арада ең маңызды нәрсе, әрине, ГПУ басшыларының даярлаған құпия құжатында Алаш қозғалысының ұлт-азаттық қозғалыс ретінде мойындалуы, сондай-ақ, жергілікті ГПУ мекемесінің Алаш қозғалысының ішкі мазмұнына байланысты Орталық саяси биліктің жабық ұстанымынан жақсы хабардар екендігі еді. Басқаша айтқанда, басында И.Сталин тұрған партиялық басшылық, сондай-ақ оның тапсырмасын орындаушы ОГПУ мекемесі одақтағы түрік республикаларында (тек оларда ғана емес) ұлт-азаттық қозғалыстарымен күрес жүргізіп отырғандықтарын білмеді деп айту

кателік болады. Бұл бұрынғы одақ көлемінде арнайы зерттеуге алынуға тиіс тақырып.

Келесі бір құжатта ОГПУ офицері Фома Иванов 1926 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің басшылары Ф.Голощекин мен С.Садуақасовқа жолдаған аса құпия хатында мынадай фактіні келтіреді: «Я, как сотрудник ГПУ, знающий воочию проводимую политику группой губернских европейских работников в лице Шишко, Берестина, Озола, Альшанского и других, считаю своим партийным долгом донести, что если не изменить антипартийную политику этой группы, которая направлена заведомо в сторону преследования и гонения казахских работников, путем использования против них всех сил и возможностей, которыми располагают они. По линии ГПУ первоочередной первооперационной работой является собирание ложных материалов на казахских ответработников [8]».

Әрине, бұл арада қарапайымда әділ ГПУ қызметкері өзі еңбек ететін мекеме басшылығының жүргізіп отырған саяси бағытының Кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының ашық жария еткен ұстанымымен үйлеспейтіндігін дәл басып көрсетіп отыр. Бірақ оның бір нәрсені түсіне алмағандығы байқалады. Кеңестік биліктің бүкіл әлем алдында жария еткен саяси бағыты мен шынайы өмірдегі ұстанымы арасындағы қайшылықтың іргетасы осы кезде-ақ қаланған еді. Ал, хатта аты-жөні келтірілген Қазақстандағы ГПУ басшыларының (Шишко, Берестин, Озол, Альшанский), әрине, Мәскеудегі Орталықтың аса құпия саяси тапсырмаларын орындап отырғандығы даусыз шындық. Тура осы мазмұндағы құжаттардың өзбек және қырғыз азаттық қозғалыстарына байланысты бар екендігіне біздің ешқандай да күмәніміз жоқ. Басқаша айтқанда, әлемдік қауымдастық алдында өзін ұлт-азаттық қозғалыстардың қамқоршысы әрі одақтасы ретінде көрсетуге тырысқан Кеңес үкіметі, өз елінде ұлт-азаттық қозғалыстарды шексіз қатыгездікпен жаншып басып отырды.

Енді осы арада түркістандық ағартушылық тақырыбына оралып оның хронологиялық шеңберіне қысқаша болса да тоқталып өткеніміз жөн болмақ. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, мәселен, еуропалық ағартушылық ешқандай да сыртқы араласусыз, барлық табиғи қалыптасу және даму сатыларынан емін-еркін жүріп өтіп, бірнеше ғасырға созылды. Сондай-ақ, еуропалық ағартушылықтың өкілдері ақын-жазушылар, ғалым, философтар билік тарапынан жаппай саяси қуғын-сүргінге түсіп, репрессия құрбаны болған жоқ. Мұндай жағдайдың еуропалық ұлттардың ұлттық сана-сезімдерінің, әдеби және ғылыми тілі мен мәдениетінің біржола қалыптасуына жағымды әсері болды. Ұлттық үю ұлттық мемлекеттердің (государство-нация) қалыптасуына жол ашты.

Ал түркістандық ағартушылық барлық көріністерімен толыққанды тұтас қоғамдық процесс ретінде ХХ ғасырдың басында қарқынды өріс алғанымен, ұзаққа созылған жоқ, өзінің табиғи даму сатыларынан еркін жүріп өте алмады. Ресейлік отаршылдық (колониализм), оның тұрпайы варианты большевиктік билік түркістандық ағартушылықты енді ғана күш ала бастаған бастапқы сәтінде-ақ ең дөрекі түрде басып жаншып, үзіп тастады. Өңірде ХХ

ғасырдың алғашқы жылдары басталған ағартушылық үрдісі бар болғаны жиырма жылға жетер-жетпес уақытқа созылып, сыртқы күштердің араласуымен үзіліп қалды. Ал бұл қызметті бастап, оның бағыт-бағдарын анықтаған тұлғалар түгелдей дерлік билік тарапынан саяси репрессияға алынды. Мұндай қасіретті бірде-бір еуропалық ұлт басынан кешірген жоқ.

Дегенмен, түркістандық зиялылар қауымының осы қысқа мезгілде жүріп өткен күрес жолы көңілде ризашылық сезімін туғызады. Қолайсыз қоғамдық жағдай және аз уақыт ішінде олар заман сұранысына лайық ұлт-азаттық күрес идеологиясын қалыптастыра отырып, отарлаушы билікке арыз-тілек (петиция) жазудан (1905) ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту ісін қолға алып, оны шындыққа айналдыру әрекетіне дейін көтерілді (1917 ж. Түркістан мұхтарияты және Алаш автономиясы). Бұл, әрине, әлем тарихында жиі қайталана бермейтін құбылыс екендігін атап айтқан артық емес.

Сонымен бірге, түркістандық ағартушылыққа байланысты мынадай бір жағдайға көңіл аударған жөн. Жоғарыда еуропалық ағартушылыққа байланысты айтылғандай, қалыпты да бейбіт даму жағдайында ағартушылық қызмет ұлттық тілдің, білім жүйесінің, жаңа сапа және мазмұндағы ұлттық мәдениеттің, ұлттық бірегейлік пен сананың қалыптасуымен аяқталмақ. Басқаша айтқанда, ағартушылық ұлт үшін ұйытқы элемент міндетін атқарады.

Сол сияқты ұлтшылдықтың да түпкі мақсаты бар. Отарлық тәуелділіктегі елдер үшін ол ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту немесе оны қалыптастыру. Ұлттық мемлекеттілік бұл азаттық жолына түскен елдің территориялық тұтастығы мен еркін дамуының кепілі.

Сол тарихи жағдайда Түркістан халықтарына бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін ең қажет нәрсе, әрине, саяси бірлік еді. Оны Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшылары жақсы түсінді және халықты осыған шақырды. Мәселен, М.Бехбуди Қоқан қаласында болып өткен Түркістан мұсылмандары съезінде Түркістан автономиясының жариялануына байланысты қазақ еліне жолдаған ашық хатында мынадай пікірді білдірді: «Ғазиз қандастарым! Мұсылман бірадарлар! ... Біліңіз, қазір Түркістанды тұрақтаған барша халықтар үшін мұхтарият жарияланды... Мұхтариятты Түркістанның балалары ынтымақтасып, бірлесіп, қайрат қылып алады. Әлбетте басқалар тарапынан берілмейді. Өзгелердің қолынан келсе, бермеуге тырысады. Біз бостық қылсақ немесе Түркістандағы халықтар бірігіп, мұхтарият алуға ортақ әрекет жасамасақ, әлбетте қазіргі қағаз жүзіндегі мұхтариятымызды бізге көп көріп, жоқ қылады. Бұл, әрине, талассыз шындық, осылай болады һәм бұл сөзге ешкім де дау айта алмаса керек» [9].

Түркістан мұхтариятын құру ісін басқарған М.Шоқай да тура осы ұстанымда болды. Ол: «Біздің мұратымыз Түркістанда тұр жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» [10], - деп жазды.

Өкінішке орай, ХХ ғасыр басындағы Түркістан ағартушылығы мен ұлтшылдығының тағдыры қасіретті қалыптасты. Олар көздеген мақсатына

жете алмай, бастапқы кезеңінде-ақ сыртқы күштердің араласуымен өзінің табиғи даму арнасынан ығыстырылды. Шолпан (Абдулхамит Сүлейман) ақын айтқандай «Гөзал Түркістанның мезгілсіз ерте гүлдері солды» [11].

Ия, әрине, біз қарап отырған тарихи мезгілде Түркістан ағартушылары мен ұлтшылдары Түркістан халықтарының бірлігін отарлық тәуелділіктен құтылудың негізгі құралы ретінде қарастырды. Сонымен бірге олар қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен және ұйғыр сияқты жеке халықтардың өмірінде ұлттық ұю процесінің жүріп жатқанын да жақсы түсінді, сондай-ақ, бұл жағдайды түсінушілікпен қабылдады. Түсіне отырып Кеңестік биліктің бұл өңірдегі түрік халықтарын жеке ұлттық республикаларға бөлшектеуін Түркістан көлемінде біртұтас мемлекет құру мүмкіндігінен айыру, сөйтіп оларды саяси тұрғыдан әлсірету әрекеті есебінде қарастырды.

Ұлт ұстазы Ишеналы Арабайұлы

Ишеналы Арабаев міне осы жалпытүркістандық ағартушылық арнасында қалыптасқан қайраткер тұлға. 1924 жылы толтырған жеке іс парағында және шамамен осы жылы жазған өмірбаянында [12] ол 1882 жылы Пішпек оязында ескі Құрма Қожа елінде Сүлік деген жерде өмірге келіп, қарапайым шаруа болған әкесі Арабайдан ерте айырылып, әкесінің артында үш қыз, екі ер бала жетім қалып, өмірдің тауқыметін ерте тартқандығын айтады. Соған байланысты болса керек сауатын ауылдағы молдадан сәл кешігіп, ашады. Бірақ қабілетті жас білім жолында тез жетіледі. Ишеналы Уфадағы атақты «Ғалия» медресесіне оқуға барғанда жас емес-тін, 22-23 жастағы жігіт болатын. Басқаша айтқанда, оқудағы жастардың ересегі еді. Бірақ ол білім алудан басқа жол жоқ екенін жақсы түсінді.

Түрлі ауыртпалықтарға шыдап, медресені 27 жасында аяқтап, елінің бағына өзіне ауыр міндет жүктеген азамат болып оралады. Келген бетте мұғалім болып орналасып, қырғыз балаларына арнап әліппе жазу ісін қолға алады. Сөйтіп, қырғыз тарихында И.Арабаев дярлаған тұңғыш әліппе 1911 жылы Уфада кітап болып, жарық көреді. Бұл кезде ол жиырма тоғыздағы өрімдей жас жігіт еді.

Жеке іс парағында (личный листок) ол 1907 жылы, яғни 25 жаста оқу іздеп Стамбул қаласында 9 ай болып қайтқанын жазады. Ал осы құжаттағы «қандай шет елдерде болып қайттыңыз?», деген сауалға байланысты Кіші Азиядағы Константинопольде, Измирде, Бейрутта, Медине мен Меккеде болып қайтқанын айтқан. Біздің пайымдауымызша, Ишеналы Кіші Азия сапарына медресе «Ғалиядағы» достарымен бірге барып қайтқан болу керек. Қалай болғанда да қарапайым қырғыз отбасынан шыққан жастың мұндай алыс сапарға аттануы оның бай рухани әлемінен хабар беретін факті екені анық.

Ишеналы өмірінің алғашқы кезеңіндегі негізгі белестер міне осылар. Ал оның тұңғыш қырғыз әліпбиін даярлап, баспадан шығаруы еліне деген шексіз махаббатының, осы жолда еңбек етіп, тер төгуге ықыласты екендігінің айғағы еді.

И.Арабаевтың өмір жолындағы жаңа кезең 1916 жылғы тарихи оқиғалардан басталады. Ол өмірбаянында «1916 жылы үркіп Қытай кеттік. Мен де халықпен бірге кеттім», - дейді. Келесі 1917 жылғы елдегі революциялық өзгерістерден соң атамекеніне қайтқан елмен бірге оралады.

Патшалық биліктің жасаған зорлығына шыдай алмай көтерілген елге Қытай асу қаншалықты азапты болса, тірі қалғанына кейін атажұртқа оралу одан да асқан қасіретті болды. Босқынға ұшыраған елдің барлық трагедиясы Ишеналының көз алдында өтті. Мәселе түсінікті болуы үшін 1917 жылы Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары (яғни басшысы – М.Қ.) Мұхаметжан Тынышбаевтың жетісулық босқындардың соңынан барып, нақты жағдайымен танысып қайтқан соң «Қазақ» газетіне жариялаған материалынан үзінді келтірейік. М.Тынышбаевтың көрсетуі бойынша көтерілістен соң Жетісу облысынан арғы Қытай бетіне Пішпек және Пржевал уездерінің қырғыздары мен Жаркент және Алматы уездері қазақтарының 44 болыс елінен 40 мың 250 түтін ал көтеріліске дейін бары 47 мың 759 түтін өткен. Яғни осы 44 болыс елдегі 238 795 адамның 201 250 адамы арғы бетке өткен. Ал осы арғы бетке өткендердің 1917 жылдың желтоқсанына дейін 95 мың 200 жаны аштықтан және басқа жайсыздықтан қырылған. Бұл осы мезгілде босқынға ұшырағандардың жартысына таяуы.

Ишеналы босқын қырғыздармен бірге Қашқар және Ақсуда болғандығын айтады. Ал М.Тынышбаев Ақсуға барған қырғыз босқындарының ауыр жағдайына байланысты «Ақсу учаскесіндегі қырғыздардың ағұс айында бір күнде 700-600-ы қырылған» [13], - деген мәлімет береді. М.Тынышбаевтың бұл келтірген мәліметтері тарихи шындықтан алшақ емес. Мәселен, осы сандық көрсеткіштерге жақын фактілік материалды 1920 жылы 27 қаңтарда ТүрОАК-нің президиумына жолдаған арыздарында Мәмбеталы Мұраталин бастаған Жетісулық қырғыздардың өкілдері де келтірді [14].

И.Арабаев шамамен 1924 жылы Ташкентте Кеңестік мекемелердің сұрауы бойынша жазған өмірбаянында 16 жылғы көтерілістен соң босқынға ұшыраған елінің жай-күйі туралы ашылып ештеңе айтпайды. Өйткені ондай мәліметке мұқтаж болып отырған билік орындарының жоқ екендігін, тіптен ол мекемелерге босқыншылыққа ұшыраған жұрт жөнінде мәліметтің соншалықты ұнай қоймайтындығын Ишеналы іштей жақсы білді. Сондай-ақ, автобиографиялық жанрда ондай мәліметтерді көтере де қоймайтын еді.

Еліне қайтып оралған босқындардың жағдайы жоғарыда айтылғандай, ауыр еді, өйткені оларды атамекен жерінде қарулы переселендер күтіп алған болатын. М.Тынышбаев Ресей астанасындағы Уақытша үкімет мекемелеріне босқын қырғыздардың жағдайына байланысты жолдаған телеграммаларында мынадай жағдайды баяндайды: «Ел ішіндегі жағдай өте ауыр. Бірінші июньде уездік комитеттердің және комиссарлардың өкілдерімен бірге Түптегі Қытайдан қайтып оралған қырғыздарды аралап, жағдайымен таныстық. Олардың ауыр тұрмысы біздің жанымызға қатты батты. Елдің үстіне киген киімдері әбден тозған, арасында балалары өте аз, басым көпшілігі тамақтың тапшылығынан рахит ауруына шалдыққан. Бойжеткен қыздар мен жас келіншектер жоқтың қасында, оларды Қытай Түркістанында

нанға айырбастаған көрінеді. Киіз үй дегендегісі таяққа қыстырылған ескі киіздің қиындылары, мал басы өте аз, оны да Қытай жерінде тартып алып қалған... Ең қорқыныштысы қырғыздардың жаппай аштықтан қырыла бастауы болып отыр...», - деп көрсетіп, елге әсіресе ауыр тиген жағдай 16 жылғы көтеріліс үшін кек алу пиғылындағы казак-орыстар мен солдаттардың онсыз да әлсіреген халыққа зорлық, қиянат жасап отырғандығын айтады.

И.Арабаев өмірбаянынан «Қашқындарға жәрдем жинау жұмысында 1918 жылға дейін жүрдім», - деген бір ғана сөйлемді оқимыз. Ал, шын мәнінде осы сөйлемнің астарында ағартушы-ғалымның қайғылы жағдайға ұшыраған халқына араша түскен үлкен қызметі жатқандығынан кейінгі ұрпақтың хабардар болғаны жөн. Соған байланысты қайраткер тұлғаның осы тарихи кезеңдегі қызметіне қатысты бірнеше фактілерге тоқталып өтейік.

Осы, яғни 1917 жылғы «Қазақ» газетінің №236 санында И.Арабаевтың казак еліне арнаған үндеуі жарияланып, онда «Босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге харакет қылып жатқан облыстағы алтын таяғымыз Ибраһим мырза Жайнақовқа біз, Пржевал қырғыздары, жаралы жүрегімізден тәңір жарылқасын айтамыз!» деп, облыстық Қазақ комитетінің Пржевальск уезіне өкіл етіп жіберген қызметкерлері Мақсұт Солтаев пен Қасымбай Телтаевтың «өлім халінде жатқан бауырларымызға тезірек жәрдем жеткізуге харакет қылып, ұлт үшін жанын пида» қылып, «тұс-тұсқа шауып көз алдында аштан өлгелі жатқан бауырларын тірілтуге, көзінен жас орнына қан төгіп, тиісті орындарға телеграмма жолдап, жылу жинап» жатқанын үлкен ризашылықпен жазды. И.Арабаев үндеуін «бүкіл Киіз туырлықты казак баласынан бейшара болған біз байғұстарға талай Жайнақовтар шығар деп үміт етіп, өлім халінде қолымызды бұлғап көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз!» [15], - деген сөздермен аяқтайды.

Қытайдан елге қайта оралған отандастарын түрлі зорлық пен қиянаттан арашалау қызметін ол ешқандай да шаршап шалдықпастан кейінгі уақытта жалғастыра берді.

«Копия телеграммы Председателя Тонского Комитета Арабаева от 25 июня за №10436 на имя Джайнакова.

Крестьяне селения Покровского организовали шайку 30 человек вооруженные, выезжают Сырты, местности Штыкбель грабят возвращающихся Турфан киргиз, 6-7 июня отобрали 50 лошадей, 32 рогатый скот, 400 баранов. Прошу оградить население.

Председатель Тонского Комитета Арабаев

С подлинным верно: секретарь киргизского областного комитета / г.Затогулов/» [16].

Ерекше атап айтуға лайық факті, 1916-17 жылдардағы Ыстықкөл және Шу бойы қырғыздарының трагедиясын өз елінің басына түскен ауыртпашықтай қабылдаған қазақтың саясаттағы және шығармашылықтағы зиялылары әркетсіз қалған жоқ еді. А.Байтұрсынұлы басқаратын «Қазақ» газеті 1917 жылғы 11 маусымдағы санында қырғыз елінің басына түскен ауыртпалыққа байланысты бір топ казак зиялыларының казак еліне үндеуін жариялады [17].

Осы сәттен бастап «Қазақ» газеті үркіншілікке ұшыраған қырғыздарға жәрдем ұйымдастырушы орталыққа айналды. Ал, Алматыдағы Жетісу Қазақ Комитеті Ыстықкөл қырғыздарына азық-түлік жеткізетін керуен ұйымдастырды. Бұл атқарылған шаралар жөнінде мақала авторының еңбектерінде айтылған [18].

Осындай мазмұндағы атқарылған істермен бір мезгілде И.Арабаев идеялас жақын серігі Қасым Телтаевпен бірге жергілікті Тон аудандық учаскелік орыс әкімшілігін басқарып отырған шовинистік пиғылдағы комиссар Тюковпен күрес жүргізеді. Бұл екі азамат 1917 жылғы 27 қазанда Пржевальск қырғыздары атынан Жетісу облыстық Қазақ комитетіне жолдаған өтініш-хаттарында Тюковтің аштан қырылып жатқан қырғыздарға көмек ұйымдастыру ісінде шарасыздық танытып отырғандығын нақты дәлелмен баяндап, оны іскер әрі беделді прапорщик В.З. Зломановпен ауыстыруды талап етеді [19].

И.Арабаевтың өз қолымен жазған өмірбаянында айтылған мына бір фактіге көңіл аудармау мүмкін емес. Ол «... Уфада [окуда] шәкірттермен бір төгеректе жасырын болдық. Николай [патша] залымдықтарына қарсы мен Жетісуға келдім. 1917 жылға дейін сол пікірмен жүріп неше мәрте тәптіш (яғни, саяси бақылауға – М.Қ.) түстім. Тіпті менің үстімнен жазылған доностар Түркістан генерал-губернаторының қағаздарының арасынан табылып, «инкляб» (яғни, төңкерісшілдер – М.Қ.) тізімінде болғаным байқалып, [ол жөнінде] «Темірқазық» журналында жазылды. Үкімет [тарапынан жазаға] тартылмадым, алайда бақылауда көп болдым», - дейді.

Бұл арада Ишенғали «Уфада [окуда] шәкірттермен бір төгеректе жасырын Николай [патша] залымдықтарына қарсы» әрекетте болып, «сол пікірмен мен Жетісуға келдім» деп, өзімен замандас жастардың ұстанған ұлтшылдық идеологиясы жөнінде айтып отыр. Егерде Ишеналының өз өмірбаянын шамамен 1924 жылы жазғанын ескерсек, онда қайраткердің жүрген ортасында, әсіресе «Ғалия» медресесі сияқты жастар ортасында ұлтшылдық идеологиясының кең тарағаны жөнінде тіс жарып ештеңе айта қоймау себебін түсінуге болады. Ал бұл тарихи кезеңде империяның қазақ және қырғыз сияқты ұлттық аймақтарындағы білімді азаматтардың ұлтшылдық ұстанымда болмауы мүмкін де емес-тін. «Оян, қазақ!» кітабының авторы ақын-журналист Мыржақып Дулатов айтқандай сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамында «шын ұлтшылдық өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежекұмар, зорлықшыл еді»[20].

Бұл тарихи кезеңде қазақ қоғамындағыдай қырғыз ұлтшылдығының да қалыптасуына соқтырмай қоймайтын себептер жеткілікті еді. Оған негіз болған алғышарттар екі қоғамда да ұқсас тіпті, бірдей болатын. Бір-екі мысал ғана келтірумен шектеліңіз. Жоғарыда аталған М.Мұраталин ТүрОАК жазған арызында қырғыз халқының ар-намысына тиген негізгі факті жөнінде мынадай жағдайды айтады: «Николай заманында біздің ең құнарлы жерлеріміз қырғыздардың иелігінен алынып қоныс аудара келгендерге өтті немесе қазына учаскесі есебінде алынды, ал қырғыздар болса құнарсыз, ештеме өспейтін жерлерге ығыстырылды»[21]. Қырғыз ұлтшылдығына

түрткі салған фактілерге орыс әкімшілігіне жазған өтінішінде атақты Шабдан манаптың ұлы Камалетдин Шабданов та тоқталады: «Николай II мен оның шененіктерінің ұзақ жылдар бойы жоспарлы түрде Жетісу қырғыздарын әлауқатынан және қадыр-қасиетінен айыруға бағытталған саясаты оларды шарасыздыққа әкеліп тіреді. Әбден төзімі таусылған халық 1916 жылы қолына қару алып, көтеріліске шықты, ал бұл бас көтеру Николай үкіметі тарапынан жантүршігерлік қатыгездікпен басып тасталынды» [22].

Басқаша айтқанда, Түркістан халықтары санасында ұлтшылдық көзқарастың өркен жаюына негіз болған патшалық биліктің жүргізген әділетсіз отаршылдық саясаты болатын.

Міне осындай жағдайда Ишеналы Арабаев сияқты зиялылардың ұлтшыл ұстанымда болуы толық табиғи құбылыс болатын. Патшалық билік жүйесінде қалыптасқан бұл ұлтшылдық көзқарас Кеңестік билік орнағаннан кейінгі алғашқы жылдары да түркістандық зиялылар қызметінде анық көрініс табумен болды. Мәселен, 1921 жылы 11 ақпанда Ташкентте өткен Түркістан Коммунистік партиясының аймақтық конференциясы «Ұлт-ұлтшылық мәселесін» талқыға салды. Конференцияның күн тәртібінде тұрған бұл мәселеге байланысты өлкелік партия ұйымының газеті «Ақ жол» мынадай мәлімет берді: «... күншығыс салтының бірсыпыра өзгешелігін сақтап қалған Түркістанда ұлт һәм ұлтшылық мәселесінің басқаша мәні, басқаша реңі бар.

Бір мемлекетте ұлт һәм ұлтшылық мәселесіне әр нәрсе тіреледі. Әр нәрсе соған тоқтап, әр нәрсе сонан басталады. Сондықтан биыл аймақтық конференцияда тексеретін мәселелердің ішінде көпшілік болған мұсылман еңбекшілері үшін ең керектісі, ең жандысы, ең рухтысы, ең зоры ұлт һәм ұлтшылық мәселесі. Бұл мәселенің ішіне біздің жер-су саясаты һәм шаруа саясаты кіреді. Бұл біздің дертіміз, біздің мақсатымыз, біздің кемшілігіміз... » [23].

Дерек көздері И.Арабайұлының 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсында және одан кейінгі жылдары Түркістан республикасындағы жаңа мемлекеттік құрылысқа әсіресе жаңа оқу-ағарту жүйесін қалыптастыру ісіне белсенді атсалысқандығын көрсетеді. Мәселен, 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында II-жалпықазақ сиезі болып өтіп, сиезде Ұлт Кеңесі – Алашорда үкіметін құру туралы шешім қабылданды. Ұлт Кеңесі мүшелеріне орынбасарлыққа сайланған он бес адамның арасында Жетісудағы қырғыз елінің өкілі Жанек Солтонайұлы да бар еді. Сиез жұмысына арнайы шақыру бойынша қатысып, дауыс бергендердің қатарында И.Арабайұлы да болды.

1924 жылы 12-18 маусым күндері Қазақ АКСР –ның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезі болып өтеді. Съез жұмысына Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы бастаған сол тұстағы белсенді ұлт зиялылары қатысады. Түркістан Республикасы мен Башқұртстаннан арнайы шақырылған өкілдердің арасында И.Арабайұлы да бар еді. Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиеті үлгілерін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын

дайындау мәселесі қаралды. Күн тәртібінде тұрған мәселелерді талқылауға белсенді түрде қатынасқандардың арасында президиум мүшесі И.Арабайұлы да болды. Ол дискуссия барысында сөйлеген сөзінде қазақ оқығандарын қырғыз халқының арасында да ағартушылық жұмысын жүргізуге шақырды. Ол «қырғыздардың өз оқығандары аз болған соң қырғыз халқы көбіне қазақ оқығандарына сенеді... Бірақ қазақ оқығандары бұл уақытқа шейін қырғызға да қол ұшын беру керек екенін ойлаған жоқ. Біз әлі де жәрдемді қазақ азаматтарынан күтеміз, қазақ оқығандары қырғыз халқын да ұмытпасқа керек», -деген ойды білдіреді.

Кеңестік билік біржола орнап, бейбіт қоғамдық құрылыс басталған шақта ол өзінің сүйікті оқу-ағарту ісіне қайта оралып, білек түрініп қырғыз шәкірттеріне арнап оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау, сондай-ақ, ел ішіндегі көркем әдебиет үлгілерін жинастыру ісіне ынта-жігерін салып кіріседі. Мәселен, 1924 жылы 27 қазанда Түркістан үкіметі жанындағы қазақ-қырғыз Ғылыми Кеңесі қырғыз тілінде мынадай оқулықтар мен көркем әдебиет шығармаларын даярлауды жоспарлайды:

Қара-қырғыз (қырғыз) тілінде:

I оқулықтар

1. Географияға кіріспе (Иванов) – Арабаев және Әлиев
2. Тапсырмалар I және II бөлімдер – Данияров және Сыдықов
3. Арифметика (бастауыш мектеп үшін) – Тыныстанов және Сыдықов
4. Грамматика. I бөлім – Арабаев және Данияров
5. Табиғаттану бойынша кіріспе сабақтар – Әлиев және Арабаев

II. Көркем әдебиет

1. «Манас» поэмасынан үзінділер
2. Пьеса (драма) «Айып кімде?» (Кто виноват - Тыныстановтікі)
3. «Қанаттылар» - поэмалар жинағы (Крылатые) – произвед. (автордың аты-жөні өшіп қалған)
4. Қара-қырғыз халық әдебиетіндегі аңыздар мен ертегілер
5. «Секетбай» поэмасы. Жинастырып және баспаға даярлаушы Арабаев
6. Ақын Тыныстановтың өлеңдер жинағы
7. «Семетей» жырынан үзінді [25].

Ал енді осы жоспарда белгіленген оқулықтар мен көркем әдебиет шығармаларының қайсысы баспадан шығып, қайсысы шықпай қалғанын анықтау арнайы зерттеу ісін жүргізуді талап етеді, яғни ол болашақ зерттеулердің міндеті. Біздің тақырыбымызға байланысты бұл жоспардан байқалатыны И.Арабайұлының 1924 жылы белсенді түрде өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін ел қызметіне жұмсау жолында тұрғандығы.

Жоғарыда айтылған қазақ-қырғыз білімпаздарының сиезінен соң араға бірнеше ай салып, яғни 1925 жылы 25 мамырда Бішкекте Қырғыз автономиялық облысы білім қызметкерлерінің 1-нші съезі шақырылып, оған

Орынбордан арнайы шақырумен А.Байтұрсынұлы келіп, қатынасып, құрметті президиумға сайланады. Съездің ашылу сәтінде И.Арабайұлы сөз алып, «Біздің съезге қатынасу үшін Орынбордан шақыру бойынша құрметті қонағымыз Байтұрсынов жолдас келді. Қырғыз жазушысы Байтұрсыновтың жеке тұлғасымен съезді таныстыру үшін Құдайқұловқа сөз берулеріңізді өтінемін», - деді.

Құдайқұлов сөзінде «Қара-қырғыз халқы түгелдей оны әдеби еңбектері бойынша өте жақсы біледі, Байтұрсынов жолдас біздің әдебиетіміздің әкесі», - деген ойды білдіреді.

Қырғыз зиялыларының А.Байтұрсынұлын мұндай жылы қабылдауы, әрине, негізсіз емес-тін. Өткен ғасырдың басындағы қазақ және қырғыз елдерінің өміріндегі ортақ жағдайлар, соған байланысты өзара ұқсас қоғамдық мәселелер аз емес-тін. Әсіресе, олардың Ресей империясы құрамындағы отарлық статусы, жарамды жер қорларының ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аудару келген орыс қоныстанушыларының игілігіне өтуі, экономикалық және мәдени дамуда артта қалып қояуы, яғни, соған байланысты, отарлық езгіден құтылу және қоғамдық өмірін түбегейлі өзгерістер жолына (модернизация) салу бұл елдердің ортақ мүддесі болатын. Бұған қосымша, Оңтүстік Қазақ облыстары бүтін қырғыз жерімен бірге Түркістан генерал-губернаторлығының (1868-1917 жж.), ал қырғыз жерінің солтүстік (Ыстық көл, Шу бойы, Талас және Нарын аймақтары) бөлігі Жетісу облысының әкімшілік құрамында болды.

Шаруашылық жүргізу жүйесіндегі, салт-дәстүрдегі, мінездегі, рухани мәдениеттегі, әсіресе тілдегі жақындық қазақ және қырғыз халықтарының өзара туыстық қатынасына негіз болған факторлар еді. Сондықтан да ХХ ғасырдың басындағы «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы» және «Ақ жол» сияқты қазақ басылымдарының қырғыз елінің қоғамдық өміріне байланысты мәселелерге қозғау салып, И.Арабаев, Т.Жанұзақов, Ә.Ғалымбеков, Қ.Тыныстанов сияқты қырғыз зиялыларының материалдарына өз беттерінде ыждаһаттылықпен орын бөлуі, ал қырғыз зиялысы Жанек Солтоноевтың Алашорда үкіметінің құрамына енуі толық табиғи құбылыс ретінде қабылданды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында байқалған білімге деген құлшыныс қырғыз елінде де көрініс тапты. Сондықтан да болса керек А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» (1909), «Маса» (1912), «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1915) және «Әдебиет танытқышы» (1926) аталатын кітаптары қырғыз қоғамында да кең танымал болып, ағарту ісіне қызмет жасады.

А.Байтұрсынұлының есімін қырғыз қоғамына кең мәлім еткен, әрине ол басқарған «Қазақ» газетінің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен соң ауыр жағдайға душар болған қырғыз еліне араша түсуі еді [26].

Съездің ашылу сәтінде А.Байтұрсынұлына сөз беріледі. Ағартушы ғалымның бұл жиында сөйлеген сөзі оқырманға аса көп таныс бола қоймағандықтан, оны сәл ғана қысқартумен ұсынуды жөн көрдік.

«Мен жас Кара-Қырғыз автономиялық облысын және бірінші ғылыми мұғалімдер съезін құттықтаймын. Адам қоғам мүшесі, сондықтан да ол қоғамның жалпы заңдылықтарына бағынады. Әлділер әлсіздерді қанайды, сондықтан да өмір үшін күрес бұл табиғат заңынан... Мәдениетті қоғамдарда да адам өмір үшін күрес заңдылықтарынан тыс қала алмайды, мәдениет арқылы қанау басқа түр сипат алмақ. Бұл, мәселен, қазір де Англия мен Американың ең мәдениетті елдер ретінде өз дамуында артта қалған ұлттарды қанауынан көрініп отыр... Күресе алатын халықтар ілгері кетеді, жоғары деңгейдегі мәдениет жасай алады. Ал біз осыны жаса алмай артта қалып отырмыз. Мәскеу, Компартия басқа елдермен бәсекеге түсуде, біз болсақ тағы да шарасыздық танытудамыз. Күресте жеңіске өмірін жетілдіре түсуге қабілеттілер ғана жетеді, ал ондай қабілет таныту үшін білімді, техникалық тұрғыдан қаруланған болу қажет. Бұл сиез білім мен техниканы игеруге негіз қаламақ.

Күресе алу тәжірибесі күнделікті әрекет барысында қалыптасады, ал техника неғұрлым жетілген болса, соғұрлым өмір үшін күрес те қуатты бола түспек. Халыққа баға оның біліміне қарай беріледі, сондықтан да зиялылардың сиезге талқыға түсетін мәселелерге өте үлкен жауапкершілікпен қарағаны жөн, өйткені тек кеңестік билік жағдайында ғана мәдениеті төмен ұлттар өз болашағы үшін күресе алады. Тіл, кітап және мектеп сияқты мәселелердің шешімі негізге алынуға тиіс.

Біздерге, яғни партияда жоқтарға, Кеңес үкіметі сенімсіздікпен қарайды, ал біз өзімізді көрсетуге мүмкіндік туғызып отырған Кеңестік биліктің парқын түсінбейтін ақымақ емеспіз ғой» [27].

А.Байтұрсынұлы сияқты ұлы ағартушы-ғалымның қырғыз мұғалімдерінің бірінші сиезіне шақырылуы, ал қайраткердің И.Арабайұлы бастаған қырғыз ағартушыларының бастаған ісіне қолдау көрсетіп, Пішпекке келіп сиез жұмысына қатынасуы бұл әрине, ел қызметінде жүрген тұлғалардың қиын-қыстау заманда өзара күш біріктіру әрекеті болатын. Біз көңіл аударып отырған тарихи фактілердің еш уақытта ұмытылмас маңызы да міне осында болса керек. Бұл екі қайраткердің бұдан кейінгі тағдырында да ұқсастық бар, екеуі де саяси репрессия құрбаны болды [28]. Өйткені олардың көқарастық ұстанымдарында ортақтық бар еді, екеуі де өз халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуы мен қалыптасуына бар ғұмырын арнаған қайталанбас тұлғалар еді.

Дегенмен, Ишеналы Арабайұлы сияқты қоғамға пайдалы ұстанымдағы тұлғалардың белсенді қызметі Кеңестік билік тарапынан соншалықты қызығушылық тудырған жоқ, қайта мұндай ұстанымға билік күдікпен қарап, оны ұлттық сепаратизмге бастайтын жол ретінде бағалады.

Біз Қырғызстан Республикасының мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитетіне оның мұрағат қорындағы Ишеналы Арабайұлының жеке тергеу ісімен танысуға рұқсат сұрап, өтініш жолдадық. Өз отаны алдында сіңірген еңбегі бар, бірақ кінәсы жоқ қайраткердің кезінде одақтық ОГПУ тарапынан жүргізілген тергеу материалдарымен әлі де, яғни өмірге тәуелсіз Қырғыз Республикасы келген жиырма жылдан соң да танысуға рұқсат жоқ екен. Ұлы

Абайдың «бір жанға екі күймек әділет пе?» деген сөзі бар. Кезінде ешқандай да жазықсыз жазаланған тарихи тұлғаның тергеу материалдарында қатталып, сақтаулы жатқан жүрекжарды ішкі сырларын бүгін енді артында қалған ұрпағынан жасырып, ұстау кімге ұтымды? Біздің хатымызға жауап жазған ҚР МҰҚК-ің қызметкерлерінің осы мазмұндағы сұрауларға жауап іздемегені өкінішті-ақ.

Екертүүлەر

- 1 Конрад Н.Н. Избранные труды. История. М., 1974, с. 268-269
 - 2 Гаспринский И. Россия и Восток. Казань, 1993, с. 22.
 - 3 Исмаил Гаспралы (Гаспринский) (1851-1914) XX ғасырдың басындағы Ресей түркі-мұсылман халықтары арасындағы жадидшылдық атанған ағартушылық қозғалысының жол бастаушысы және идеологы. Ресей түрік халықтары тарихында алғашқы ортақ басылым ретінде мойындалған «Тәржіман» газетінің шығарушы редакторы. Көзі тірісінде ағартушылық қызметі үшін ұлы ұстаз атанған.
 - 4 Неру Дж. Открытие Индии. Кн.2. М., 1989, С.109-113
 - 5 Қараңыз: Тайны национальной политики ЦК РКП. «четвертое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей в г.Москве 9-12 июля 1923 г.». Стенографический отчет. М., 1992, с. 4-11.
 - 6 Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. 3 том. 1-ші кітап. Алматы, 2007.
 - 7 Сонда, 138 б.
 - 8 Сонда, 215-217 бб.
 - 9 Бехбуди М. Қазақ қандастарымызға ашық хат //Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 8 том. Ұлығ Түркістан. Астана, 2008, 129-131 бб.
 - 10 Шоқай Мұстафа Таңдамалы. 1 том. Алматы, 1998, 33б.
 - 11 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. 8 т. Ұлығ Түркістан. Астана, 2008, 341б.
- * * *
- 12 Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты, 86 қор, 1 тізім, 145 іс, 1-5 п.п.
 - 13 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2 т., Жетісу – Ыстықкөл қасіреті: 1916-1920 жж. (Құжаттар мен материалдар жинағы). Астана, 2007, 251-256 бб.
 - 14 М.Мұраталин және басқа Жетісулық қырғыз өкілдері ТүрОАК президиумына жазған арызында мынадай фактілерді келтіреді: «...для спасения как самих себя, так и скота бежали в Китай. Из уездов: Пржевальского, Нарынского 27 000 киб., Пишпекского, Токмакского 8 000 киб., Копальского, Джаркентского, Верненского уездов 10 000 киб. Всего 45 000 киб.» //Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы., 2 т., 314-317 бб.
 - 15 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 том, Алматы, 2008 , 372 б.
 - 16 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2 т., 293 б.

- 17 Қытайға босқан қырғыздардың ауыр тұрмыс-халіне көмек көрсетуге шақырған қазақ зиялыларының «Алаш азаматтарына!» үндеуі // Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 2 том, Астана, 2007, 209-210 б.б.
- 18 Қараңыз: Қойгелдиев М. Замана санжырасы //Қырғызстан маданияты, 1990, 22 наурыз(№12 (1208)), 12-13бб., Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы 2т., Кіріспе мақала, №86, 89, 93, 94 ж.б құжаттар.
- 19 Қазақ ұлт-азаттық қоғалысы. 2 т., 247-248 б.б. № 113 құжат
- 20 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, 2 т., 210 б.
- 21 Қазақ ұлт-азаттық қоғалысы., 314 б.
- 22 Сонда, 319-322 бб.
- 23 Ақ жол. 2-кітап., 2011, 145-146 бб.
- 24 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Алматы, 2005, 134 б.
- 25 ӨР ОММ, 34 қор, 1 тізім, 1337 іс.
- 26 Карбозов Д. Ақмат Байтурсунов жана қырғыз тили // Ұлттық рухтың ұлы тілі. Алматы, 1999, 226б.
- 27 Ол жөнінде қараңыз: Қойгелдиев М. Замана санжырасы // Қырғызстан маданияты, 1990, 22 март, №12 12-13 бб.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. I том, Алматы, 2008, 351-380; Қазақ ұлт -азаттық қозғалысы Жетісу- Ыстықкөл қасіреті: 1916-1920 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен. Астана, 2007.
- Карбозов Д. Аталған мақала. 220-233 бб.
- 28 А.Байтұрсынұлының алдымен патшалық, кейін кеңестік биліктер тарапынан қуғынға алынып, ең соңында абақтыда атылғаны мәлім. Қырғыз Республикасының мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитетінің И. Арабайұлы жөнінде берген анықтамасында ағартушының өмірінің соңғы кезеңіне байланысты мынадай фактілер берілген: «11 мая 1933 арестован органами ОГПУ Киргизской ССР» за участие в антисоветской буржуазно-националистической организации, именуемой «Социал-Туранская партия». 7 июля 1933 года, находясь в тюрьме г. Ташкента Узбекской ССР покончил жизнь самоубийством, путем отравления. 9 июля 1958 года Военной Прокуратурой Туркестанского Военного Округа уголовное дело в отношении Арабаева Ишеналы прекращено за недоказанностью предъявленного обвинения Реабилитирован (1944 г.)»

Ишеналы Арабаев

ӨМІРБАЯН

1. Әлеуметтік жағдай: 1882 жылында Пішпек оязында ескі Құрма Қожа елінде Сүлік деген жерде туылғанмын. Атам жай шаруа адамы екен. 1 жасымда өлген. Үш қыз, екі ер бала жетім қалып, көрмеген азабымыз қалмады. Әр жерде малай болып жүріп 12 жасқа келгенде мен қырғыз арасындағы бірнеше молдалардың қызметін қылып оқи бастадым. Бір уақытта Қарақол қаласына барып, жаңа оқу деген оқу жаңа жайыла бастаған кез еді. Ол жерден де қанағаттана алмай, 1907 жылы Түркияға барып, ондағы Ғабдилхамиттің зұлымдығынан қашып, қайта Россияға келіп, Орынбордағы медресе «Хұсайнияда» бір жыл болып, онда да оқу ескілік қылған соң Уфаға барып «медресе Ғалиядан» 4 жыл оқып, 27 жасымда бітіріп Жетісуға қайттым. Содан 1916-ншы жылға дейін 4 жыл мұғалім болып істедім. 1916 жылы үркіп Қытай кеттік. Мен де халықпен бірге кеттім. 1917-ші жылда қайта келдім. Қашқындарға жәрдем жинау жұмысында 1918 жылға дейін жүрдім. Одан оқу-ағарту жұмысына кірдім. Бірақ ол уақытта Қарақол оязында құлақтардың зарарына шыдамай партия жұмысына араласуға қалаға баруға мүмкіндік болмады. Ең ақыры қырғыз арасында оқу-ағарту жұмысына араласып 1920 жылы Ташкентке келіп, 1921 жылы Ташкенттен Жетісуға жіберілген үлкен экспедицияға мүше болып барып, содан саяси жұмысқа ТУРЦИК-тің шақыруы бойынша кіріп, Жетісу облыстық Исполкомға ағза болып, сол уақытқа дейін саяси қызметте жүрдім. Шаңырақ иесімін, анам 65-те, қызым 7-де, қатыным 38-де, інім 16-да, Алматыда оқып жүр. Бала-шағам Ташкентте. Анамды бір қызына апарып, қайтып алып жүре алмай, қалдырып келдім.

Жергілікті тілде шыққан газет-журналға жазамын, большевиктік ұстанымдағы адабияттарды оқимын. Жергілікті тілде шыққандарын қарай отырамын.

2. Алматы қаласында 1921 жылы 6-нші февральда партияға кірдім. Жоғарыда айттым, бұрын Қарақол оязында кіруге мүмкін еместігін, екі-үш арыз беріп жауап ала алмаған едім. Жетісу обкомына арыз бердім. Мұрындан кіре алмағандығымның себебін айттым. Ондағы обкомның хатшысы жолдас Лепа өзі кепіл болды және бір қанша обкомның ағзаларының кепілдігімен обком ячейкасынан, сонан соң жалпы Алматы городской партия жиналысында қабылдады. Жалғыз 10-11-ші жылдарда Уфада шәкірттермен бір төгеректе жасырын әрекетте болдық. Николайдың залымдықтарына қарсы ол пікірменен мен Жетісуға келдім. 1917 жылға дейін сол пікірмен жүріп неше мәрте бақылауға түстім. Тіпті менің үстімнен жазылған доностар Түркістан генерал-губернаторының қағаздарының арасынан табылып, төңкерісшілдер журналында жарияланып, «Темірқазықта» басылып шықты. Үкімет тарапынан жазаға тартылмадым, алайда бақылауда жүрдім.

Февраль өзгерісінде Қытайда босқындықта жүрдім. Одан келгендігім жөнінде жоғарыда айтылды. Кеңес-Партия жұмысында көбірек ұйымдастыру

ісімен айналыстым. Айрықша 18-нші жылда кедейлер одағын құрдым. Жетісу облыстық кооператив бастығы болып, екі ай мүше болып, 4-ай төрағаның орынбасары болдым. Коммунальный отрядта бірнеше ай бастық болдым, сондай-ақ бірнеше комиссияларда мүше болдым. Және де бірнеше клубтарда партия һәм кеңес жайынан, кедей-кембағалдар жайынан бірқатар істерге қатынастым. Санамалап отырудың қажеті жоқ қой деймін, қайсыбірін айтайын.

Менің өзімше қылған біршама ісімді халық хош көрді. Өзім де жақсы істедім деген ойдамын.

Ақырығы сөз: өзімнің (мақсус) жақсы көретін ісім-қырғыз әдебиетін жинау, мағарип уа мәдениет тарапында қызмет істеуге қабылетім бар.

Арабаев

Центральный государственный архив Республики Узбекистан
Ф.86, оп. 1, д.145, Л.Л. 1-4.

Дело члена коллегии Наркомпроса
г. Арабаева Ишанали. 1924 г.

Личный листок

Губерния - Джетысуйская область, Каракульский уезд

Партийная организация – Областной комитет партии г. Алма-Ата.

Ф.И.О. Арабаев Ишаналы

Год рождения – 1882 года рождения

Национальность – Кара Киргиз

Родной язык – киргизский

Ещё на каком языке пишете - на тюркском языке

Какие местности РСФСР хорошо знаете -

1) Джетысуйскую область

2) Часть Туркестанского края

3) В Башкирской Республике – город Уфа

Основное занятие – учитель, учитель кирг. языка и литературы

Семейное положение – 5 человек, не трудоспособные - 2, учащиеся-1

Учился – в Уфе Мадресе Галия (семинария), окончил

Был ли за границей - в Турции, город Стамбул, учился 9 месяцев, 1907 год.

Членство в партии - В 1921 году 6-го февраля принят в партию. Участвовал в Уфе в работе подпольной организации, до революции

Болезнь – ревматизм.

Какие книги читаете - Из за не имением в большем количестве книг на мусульманском языке читал немного.

Партийная работа – с 1922 в г. Алма-Ате в обкоме партии, по организации партийных мусульманских ячеек. Работал корреспондентом газет, лектором партийной ячейки

Работал: - VI-XI 1921 в г. Алмате в Семиреченском союзе председатель

С февраля по 22 июня в Алматинском областном Союзе Кошчи, заместитель председателя. С 1923 г. в Обл. коммунальном отделе, председатель коммунального отдела. С августа – культпросвет отделе, председатель. В Ташкенте – в киргизской научной комиссии, член. До революции издал мусульманский алфавит. В данное время участвую в мусульманских газетах. Знаю Башкирию.

За границей – был в Малой Азии с целью учиться - Константинополе, Бейруте, Измире, Медине, Мекке, в Китае – Кашгаре, Аксу, бежал от бунта 1916 года. Работал в учреждениях культуры председателем областного отдела культурно-просветительской организации «Талаб».

Общая советская работа – был членом облревкома и членом областного Комитета Коммунистической партии Туркестана с 1922 года.

Работал председателем Кооперации;

председателем Союза Кошчи;
заведующим обкомхозом.

Центральный государственный архив Республики Узбекистан
Ф.86, оп. 1, д.145, Л.Л. 1-4.

Архивтен тауып баспаға даярлаған М.Қ. Қойгелдиев